

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/DCVZ5985>

***А. Е. Адишева, С. Б. Бектемирова**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: alma_777@mail.ru

ГЕОЛАНДШАФТТАҒЫ МӘДЕНИ КОД ПЕН МИФТІК ТАНЫМНЫҢ ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҒЫ

Соңғы уақытта «код», «мәдени код» терминдері көптеген гуманитарлық ғылымдардың зерттеу нысаны ретінде қарастырылуда. Бұл мақалада «код», «мәдени код» және «антропоморфты код» терминдерінің теориялық түсінігі мен қызметі талданған. Автор бірқатар ғылымдар саласындағы «код», «мәдени код» және «антропоморфты код» терминдерінің болмысы мен мән-маңызына арналған ғылыми ізденістерге сүйене отырып, жан-жақты зерттеу жүргізді. Осы орайда психологтардың, әлеуметтанушылардың, мәдениеттанушылардың, антропологтардың «код» және «мәдени код» терминдерінің мәнін зерттеу тәжірибесі жинақталды.

Сонымен қатар, мақалада отандық және шетелдік зерттеушілердің мәдени-рухани әлемінің ең байырғы үлгісі ретіндегі миф, мифтік таным ұғымдары туралы ізденістері тұжырымдалды. Сондай-ақ, географиялық нысандардың мифтерде антропоморфтық код арқылы бейнеленуі мәселесі бойынша да ізденістер жүргізілді. Автордың басты бағыты – адамның позициясынан әлемді сипаттаудағы және әлем моделінің фрагменттерін қалыптастырудағы антропоморфтық код арқылы географиялық нысандардың мәнін зерттеу болып табылады. Қазақ халқының жер атауларын және анатомиялық терминдерден пайда болған географиялық терминологияны талдау негізінде қоршаған кеңістікті қабылдауда, игеруде және құрылымдауда, географиялық ландшафтты модельдеуде және әлемді тұжырымдауда мәдениеттің антропоморфты кодының қызметі қарастырылды.

Кілтті сөздер: мәдени код, антропоморфизм, антропоморфты код, миф, мифтік таным, географиялық нысандар.

Кіріспе

Бүгінгі таңда «код» термині семиотика ғылымымен қатар, мәдениеттану, психология, лингвомәдениеттану, әлеуметтану, когнитивтік лингвистика, психолінгвистика, этнология, философиялық антропология сияқты көптеген гуманитарлық пәндерде кең түрде қолданылады. Гуманитарлық ғылымдардың әртүрлі салаларын зерттеуші авторлар «код» терминінің болмысы мен мән-маңызына арналған ғылыми ізденістерге сүйене отырып, оның тұжырымдамалық әлеуетіне зор мән беріп, қызығушылықпен жан-жақты зерттеу жүргізуде.

Код белгі мен мән арасындағы байланысты қамтамасыз етеді, номинациялар (белгілер) әлемін мағыналар әлеміне аудара отырып, яғни белгілі бір мәдени құбылыстардың қандай мағынаны білдіретінін түсінуге көмектеседі. Өз кезегінде кодтардың ішінде мәдени код ерекше орын алады. Мәдени код маңызды функцияны жүзеге асырып, мәдени құбылыстардың (мағыналар, белгілер, символдар, нормалар, мәтіндер, рәсімдер т.с.с.) мағынасын ашуға көмектеседі.

Мәдени кодтардың негізі мифологиялық символизм болып табылады, оның мәні нақты объектілердің бейнелерін дерексіз құбылыстарға (соның ішінде ішкі әлемге) көшіру болып табылады [1, 214-б.].

Материалдар мен әдістер

Мақалада «код», «мәдени код» және «антропоморфты код» терминдерінің теориялық түсінігі мен қызметін қарастыру үшін ғылымдағы белгілі тұжырымдамалық талдау, сондай-ақ теориялық материалды жүйелеу әдістері қолданылды. Бұл ұғымдардың мәнін анықтау негізінде оның жүйелік қалыптастырушы функцияларына бағытталған негізгі тәсілдері анықталды.

Сонымен қатар, сараптамалық және логикалық тәсілдерге сүйену отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттердегі антропоморфтық код ұғымы, оның ғылым саласындағы зерттелу деңгейі турасындағы көзқарастар мен тұжырымдарға ерекше көңіл бөліп, оның ықпалын терең түсінуге көмектеседі.

Нәтижелер және талқылау

Код, мәдени код терминдерінің теориялық ұғымын, қызметін, түрлерін зерттеу, оның мәдени құбылыстардың құрамдас бөлігі ретіндегі орнын тұжырымдау көптеген ғылыми зерттеулердің нысанына айналды. Кодтардың мәнін жіктеп, оның түрлі тәсілдерін талдауда зерттеушілер американдық психолог К. Раптайдың, әлеуметтанушы Дж. Александердің ұсынған тәсілдеріне сүйенеді. Сонымен қатар, мәдени кодтарды жіктеу мәселесін қарастыруда Л. А. Чернаяның антропологиялық кодтар бойынша зерттеуінің Е. Е. Бразговская ұсынған семиотикадағы ескі орыс мәдениетінің

типологиясы мен периодизациясы бойынша ғылыми-зерттеу еңбектерімен ұштасуы құнды саналады.

Көптеген зерттеулерде Н. И. Жинкиннің ішкі сөйлеу механизмдерінің тұжырымдамасын талдауға ерекше назар аударылады. Л. А. Чернаяның антропологиялық кодтардың өзгеруі арқылы ескі орыс мәдениетінің типологиясы мен кезеңдерін баяндаған зерттеулерінің де маңызы зор. Гуманитарлық ғылымның кейбір салаларында тұжырымдалған «код» ұғымының әлеуметтік-мәдени қызметіне жасалған қысқаша шолу аталған ұғымның мәнін анықтау мен оны түсінудің әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. Сонымен қатар, мәдени код ұғымының мәнін айқындауда В. В. Красных, Д. Б. Гудков, М. Л. Ковшова, В. И. Шаховский және т. б. зерттеушілердің еңбектеріне сүйендік. Ал топонимикадағы мәдениет кодтарын анықтау мәселесін қарастырғанда Т. Ю. Васильева, А. М. Мезенко, Е. И. Сяновалардың зерттеулерін басшылыққа алдық. Мифтік таным тұрғысын қарастырғанда отандық ғалым С. Қондыбайдың еңбегіне тоқталдық. Осылайша, зерттеу нәтижелері осы тұжырымдаманың көп өлшемді сипаты мен функционалды қозғалғыштығын растады.

Мәдени код – әлемнің мәдени бейнесін түсінудің негізі. Жалпы мәдени код ұғымы әртүрлі түсіндірулерге ие. Мәселен, Д. Б. Гудков, М. Л. Ковшовалардың пікірінше: «Мәдени код - бұл мәдени мағыналардың тасымалдаушысы болған материалдық және рухани әлем белгілерінің жүйесі; адамның әлемді игеру процесінде олар осы белгілерде «оқылатын» мәдени мағыналарды енгізді» [2, 7–9-бб.].

Ал В. И. Шаховскийдің пікірінше, «мәдени кодқа: әлемнің этникалық бейнесі, қоғамның тарихына, оның стереотиптеріне, дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, бағалау шкаласына, мәдени құндылықтарға негізделген лингвистикалық-ұлттық дүниетаным кіреді. Мәдени код бірліктері психикалық, лингвистикалық немесе пәндік белгілермен анықталады, өйткені мәдени код - бұл халық, белгілі бір тіл және оны пайдалану ережелері туралы білім жүйесі» [3, 115–125-бб.].

Осы орайда мәдени код дегеніміз – кез келген ұлт, ұлыс өкілдеріне, халықтарға ата-бабаларынан мұра ретінде қалған ерекше мәдени ерекшеліктер немесе белгілі бір мәдениеттің қалпын анықтауға мүмкіндік беретін белгілі бір формадағы кодталған ақпарат болып табылады.

Ал Беларусьияның жетекші ономастарының бірі А. М. Мезенко славян елдерінің қала ішіндегі атауларын талдай отырып, мәдениеттер урбанонимиясындағы келесі 8 кодты анықтайды: 1) топоморфты, 2) антропоморфты, 3) физика-географиялық, 4) флористикалық, 5) фаунистік, 6) эмоционалды сипаттамалық, 7) түсті, 8) темпоральды [4, 388–392-бб.].

Воронеждік Прихопёрья зерттеушісі Е. И. Сьянова болса, аймақтың микропонимиясын зерттей келе мәдениеттің 1) географиялық (табиғи-ландшафтық), 2) зооморфты, 3) фитоморфты, 4) локалитивті, 5) антропоморфты, 6) түсті, 7) темпоральды, 8) тарихи-элеуметтік және этноморфтық, 9) кванторлық тәрізді кодтың тоғыз түрін анықтайды [5].

Осылайша, мәдениет кодының негізіне қоршаған әлем мен объективті шындықты қабылдау және сипаттау тәсілі тән болып келеді. Сәйкесінше, зерттеуші Т. Ю. Васильева Беларусь кенішінің ойконимиясын талдау негізінде мәдениет кодтарын антропоморфты, ландшафты, уақытша, кеңістіктік, өсімдік және рухани деп алты ірі бірлестікке (кодтарға) бөледі [6, 11–13-бб.].

Мәдени кодтың шығу тарихын зерттей келе мәдениет түрлерінде пайда болған төмендегідей жазуға дейінгі (дәстүрлі), жазбаша (кітаптық), экрандық (қазіргі кезең) кодтар түрлері анықталды.

Осылайша, мәдени код – мәдениеттің әр түрінің негізі ақпаратты сақтау, беру тәсілі мен мәдени есте сақтау түрлерін сипаттайды. Жазуға дейінгі мәдениет кезеңі Л. Морган мен Э. Б. Тайлордың терминологиясына сәйкес «жабайылық» және «тағылықтан» тұратын үлкен «тарихқа дейінгі уақытты» қамтиды. Осы орайда, мәдени кодтың қарапайым негізі ерте палеолит кезінде (1 млн 40 мың жыл бұрын) пайда болды. Бірте-бірте оның параметрлері жаңа мазмұнмен толығып, мәдени доминантты код «мифологиялық» болып табылады. Осылайша, алғашқы қауымдық қоғамда миф – бұл өмірді түсіну тәсілі ғана емес, сонымен қоса пәндік, белгілі түрдегі пайымдау тәсілі рөлін де атқарды.

«Код дегеніміз контекстуалды байланысып, мәліметті жеткізу үшін пайдаланылатын сөздердің, таңбалардың немесе іс-амалдардың құпия жүйесі. Кодтар, әдетте вербалды және вербалды емес түрде байқалатын деңгейде беріледі, сонымен бірге олар мәдениеттің басқа деңгейлерімен өзара әрекетте болады. Бұл байқалатын нәрсе көбінесе басқалар үшін түсініксіз болады. Кодтың мәні тек оларды шығарған авторына, иесіне мәлім. Оны сол қолданушылар аясында қысқа да нұсқа немесе жылдам қарым-қатынас үшін пайдалануға болады. Оларды сонымен қатар басқалардан мәліметті жасырып, «нақты ақпаратты» құпиялап жеткізу үшін де қолдануға болады» [7] делінген «Мәдени код – кілті кімнің қолында» атты мақалада. Бұл мақалада код дегеннің мағынасы көбінесе шифр, шифрлау, хабарды жасырып, құпиялап жеткізу тұрғысынан қарастырылған.

Мәдениет тілі дегеніміз вербалды және вербалды емес қатынастардың жиынтығы. Оның көмегімен мәдени ақпарат беріледі. Бұл ақпаратты мәдени код аясында түсінеміз. Мәдениеттің коды – бұл таңбалар жиынтығы әрі белгілі бір ережелер жүйесі. Оның көмегімен мәліметті беріп, өңдеп, сақтай аламыз.

Мәдени кодтар барлық мәдени тілдерге тән болып келеді. Нақ осы мәдени кодтар мәдени құбылыстардың (белгілер, символдар, нормалар, мәтіндер, рәсімдер) мағынасын терең түсінуге жол ашады. Өз кезегінде кез келген ұлттың мәдени коды халықтық психологияны анықтап, оның мағынасын түсінуге көмектеседі.

Адамзат баласының дүниетанымы кеңістікті танып-білуден жинақталады. Бұл ретте кез келген ұлттың дүниетанымында ғасырлар бойы жинақталған, оның тұрмыс-тіршілігі мен өмір тәжірибелерінен хабар беретін фольклордың (мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, аң ыз әңгімелер, ертегілер және т.б.) маңызы зор. Сонымен қатар, мыңдаған жылдар бойында әр ұлттың ғаламды тану тәсілінде мифологиялық және философиялық ұғымдардың да мәні ерекше. Нақ осы фольклорлық туындылар арқылы халықтардың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі, мәдени өмірі сияқты дүниетанымдық ерекшеліктерімен қатар, олардың мифтік танымымен де жете таныса аламыз.

Жалпы, отандық және шетелдік зерттеушілердің миф, мифтік таным ұғымдары жайлы ізденістері біршама. Зерттеуші Серікбол Қондыбай «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын қазақ мифологиясының қырсырына талдау жасаған кітабында: «Миф деген сөзді жұрт екі түрлі, біріне-бірі кереғар келетін мағынада түсінеді. Баспасөз беттерінде осы «миф» деген сөздің «ертегі сияқты, яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған қиял» мағынасында берілгенін байқаймыз. Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте (жер тарапта), нақты бір саяси-әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта (уақыт пен кеңістік) туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы, дәлірек айтқанда – «түсіндім» деген таптаурыны. Яғни бұл жағдайдағы миф – ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы шындығы, басқаша айтқанда, «шын» деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі ақиқаты. Миф – әрине, тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, қисыны бар, яғни, бұл жағынан, «ақиқат» деп есептеуге болатын дүние», – деген түсініктеме береді [8, 21-б.].

Демек, мифтер ерте замандарда пайда болып, әрбір жаңа мыңжылдық сайын қарапайымнан күрделіге қарай алуан сатылардан өтіп отырған. Олардың мазмұнында ертеде өмір сүрген халықтардың жаратылыстық-ғылыми және тарихи таным-түсініктері көбірек бейнеленеді. Ертеде көшпелі қоғамда тіршілік еткен адамдар әлемнің сыр-сипаты мен құрылымын мифологиялық тұрғыдан түсіндіре отырып, түн мезгілінде ұлан-ғайыр дала

аспанының жұлдыздарына көз тігіп, ұшы-қиырсыз кеңістікте адаспай жол табуға бағыт-бағдар алған. «Қазақ мифтері мен ертегі-аңыздарында кездесетін белгілі шоқжұлдыз Жетіқаракшы немесе Аспан қайығы деп аталады. Оның үстіне осы Жетіқаракшының әрқайсысы өзінің арғымағымен темір қазыққа байланған. Қазақтар ерекше түйсікпен Темірқазық деп атаған осы жарық жұлдызды аспан әлеміндегі басқа жұлдыздар мен шоқжұлдыздар айналып жүреді. Әрбір ірі аспан нысанының қазақы баламасы бар. Бұл Темірқазық пен Аспан қайығы ғана емес, сонымен қатар Үркер, Қызылжұлдыз (Марс), Шолпан, Босаға, Үш арқар таразы, Қамбар, Қаракұрт, Сүмбіле және басқалары» [9, 200-б.].

Міне, осылайша, мифтер – адамдардың дүниетанымының көрінісі. Іс жүзінде әр халық өзінің рухани-мәдени бастауларын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілерінен, фольклорлық шығармалардан алады. Себебі фольклор мен оның сансыз көп салалары тұтас бір ұлттың сөз өнерінің, мәдени игіліктерінің бір жүйеге түсуіне әсер етті. Демек, адамзат баласының өнері мен мәдениетінің тарихында мифологиялық және философиялық ұғымдар маңызды рөл атқарып келеді. Сондықтан мәдени-рухани әлемінің ең байырғы үлгісі ретіндегі мифтік танымның көріністерін зерделудің маңызы зор. Өз кезегінде бұл түсінікті философия, мәдениеттану, өнертану, дінтану, этнопсихология ғылымдарының арақатынасында қарастыра келе, мифтік таным дегеніміз – мифтік бейнелер арқылы жаратылыстың сырын халық қиялымен көркемдік қайта өңдеу деп тұжырым жасауға болады.

Мәдени кеңістіктің терең қабаттарына ландшафт, географиялық кеңістік туралы ежелгі (архетиптік) идеялар жатады. Ол туралы идеялар әртүрлі мәдениет кодтарымен ұсынылған. Мәдениет кодтары «адамның ежелгі археологиялық типтік өкілдіктерімен» байланысты [10, 375-б.]. Сәйкесінше, ежелгі заманнан бері адам мен табиғат бір-бірімен тығыз байланыста тіршілік етіп келе жатқаны баршамызға белгілі. «Адам табиғатта өмір сүреді. Адамның физикалық және рухани өмірі табиғатпен тығыз байланысты. Бұл табиғаттың өз-өзімен тығыз байланысты екенін білдіреді, өйткені адам табиғаттың бір бөлігі» [11, 92-б.].

Жалпы кеңістік, ландшафт туралы антропоморфтық түсініктер өз негізін архаикалық кезеңдерден бастау алады. Антропоморфты код адамның атау бойынша номинациясын қалыптастыратын әрі адамды бейнелейтін басымдықтардың маңызды түрі болып табылады. Антропоморфтық код өз кезегінде жеке және әлеуметтік субкодтарға бөлінеді. А. Я. Гуревич атап көрсеткендей: «адам ағзасының элементтері ғаламды қалыптастырған элементтермен бірдей болып келеді. Адамның тәні – жерге, қаны – суға, тыныс алуы – ауаға, ал бойындағы жылуы – отқа сай. Адам денесінің әрбір

бөлігі ғаламның бір бөлігіне: басы – аспанды, кеудесі – ауаны, іші – теңізді, аяғы – жерді, сүйектері тастарға, тамырлары - бұтақтарға сәйкес келеді, шаштары - шөптерге, ал сезімдері – жануарларға сәйкес келеді» [12, 52-б.].

Осы орайда мәдениеттің антропоморфты коды соматикалық кодпен тығыз байланысты. Лексикалық жүйеде соматизм – бұл адам денесіне қатысты құбылыстарды белгілеу құралы [13, 69-б.]. Соматикалық код мәдениет кодтарының ең көне түрі болып саналады. Бұл кодтың тасымалдаушысы адам денесі. Бұл адамның өзін және айналасындағы әлемді өзі арқылы, яғни, ең алдымен, денесі мен сезімдері арқылы сипаттауға тырысатындығына байланысты. Адам өзі және денесі туралы алған білімін қоршаған шындыққа экстраполяциялады, ол соматикалық мәдениет кодында жазылған [14, 29-б.]. Жалпы соматикалық код (дене мүшелері, ішкі органдары) секілді фреймдерді қамтиды. Соматикалық кодта адам денесінің әртүрлі бөліктерінің символикалық функциялары көрініс табады. Адамзат өзін-өзі тану арқылы, өз бойындағы білім деңгейін қоршаған шындықпен байланыстыра отырып, әлемдік құрылымдағы сан алуан құбылыстарды сипаттаумен шұғылданады. Адам баласының бұл әрекетінің нәтижесі соматикалық кодтың жаңа мәліметтермен толықтырылуына әкелді. Осылайша, бастапқыда соматикалық кодқа жататын антропоморфты метафоралар кеңістікті бөлуге, қоршаған әлемді құрылымдауға қатысуының негізінде бірте-бірте мәдениеттің кеңістіктік кодына айналады. «Әлемдік тілдік картаның антропоцентризмі – қоршаған ортадағы маңызға ие жанды және жансыз заттар атауларынан, яғни туыстық атаулар, адамдардың есімдері, адамның дене бөліктерінің атауларынан айқын көрінеді» [15, 110-б.].

Ал «метафоралық» ойлау түрлері қазақ топонимикасында жиі кездеседі. Онда адам денесінің бөліктеріне қатысты лексемалар кеңінен ұсынылған. Қазақтардың «метафоралық» ойлауының көрінісі белгілі бір топонимикалық материалдан көрінеді.

Жалпы мәдени кодтар изоморфизммен сипатталады, яғни әрбір мәдениетте аталған кодтардың барлық спектрі кездескенімен, кодтардың барлық элементтері изофункционалды сипатта болмайды. Белгілі бір мәдениет кодын ажырататын нақты элементтерді іздеу халықтың ойлауында көрінетін мәдениеттің ерекшелігін көрсетуге мүмкіндік береді.

«Баяғы заманда қалың қолды бастаған Қалша Қыдыр деген батыр қолбасшы өмір сүріпті. Ол бір жолғы жорығында жолы болмай, сәтсіздікке ұшырайды, қарамағындағы сарбаздары бірі қалмай жан тапсырады. Өзі де жау қолынан жараланып, елсіз иен шөлде жығылып, жалғыз қалады. Аштық пен шөл қысқан батыр аңқасы кеуіп, әбден өлуге айналады. Осы сәтте көк аспаннан бір аққу ұшып келіп, аузына су тамызып, оны өлімнен құтқарады. Айдын көлдің жағасына апарып, жарасын емдеп жазады. Кейін бұл аққу асқан

сұлу аруға айналады. Қалша Қыдыр сол аруға үйленеді. Олардың арасынан қазақ халқының арғы атасы – Қазақ туады. Қазақтың үш ұлы – Бекарыс, Ақарыс, Жанарыстан қазақ халқын құраған үш жүздің – Ұлы, Орта және Кіші жүздің ұрпақтары тарайды» [9, 244-б.]. Міне, осылайша бүгінгі таңда елімізде Қазақтың үш ұлы – Бекарыс, Ақарыс, Жанарыстан тараған халық тіршілік етуде. Мәдениеттің түрлі кодтары дәл осы аңыз, әпсаналарда көрініс табады. Дүниенің, адамның, табиғаттың, жан-жануар, өсімдіктердің жаратылысы туралы дүние жүзіндегі халықтарда өздерінің таным түсініктеріне сай түрлі мифтері, аңыздары бар. Әр халықтың өзіне тән таным түсінігі болатыны секілді, сол халықтың аңыз, әпсаналары да түрліше мазмұнда болады.

Қорытынды

Ғылымның кейбір салаларындағы «код» ұғымының әлеуметтік-мәдени мәнін зерттеу оны анықтаудың әртүрлі тәсілдерін түсінуге мүмкіндік тудырып қана қоймай, сонымен қатар бұл тұжырымдаманың күрделілігі мен көп өлшемділігіне байланысты оның семантикалық әрі функционалдық мағынасын сипаттауға жол ашады. Ал мәдени кодтар құбылыс ретінде табиғатта әмбебап сипатқа ие бола отырып, жүйе құраушы және реттеушілік функцияларды атқарады. Жалпы, мәдени кодты мәдени даму динамикасын сипаттауға мүмкіндік беретін координаттар жүйесі ретінде қарастырған жөн. Бұл жайт, яғни кодтарды мәдениеттің негізгі сипаттамалары ретінде пайымдау оның ұрпақтан-ұрпаққа берілетін бірегей ұлттық ерекшеліктерінің мән-мағынасын түсінуге ықпалын тигізері анық. Тіл мен мәдениеттің ортақ ұқсастықтары көп дей аламыз. Ол екеуі арқылы адамзаттың танымы мен ұлттың менталитеті көрініс табады. Екеуі бірінсіз бірі жасай алмайды, тіл мәдениеттің құралы әрі өмір сүруінің шарты болып табылады. Мәдени факторлар тілдің қызметіне және дамуына әсер етеді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Пименова, М. В.** Коды культуры и особенности концептуализации сердца в произведениях С. А. Есенина [Текст] // Культура и текст. – 2005: сб. науч. тр. междунар. конф.: в 3-х т. / Под ред. Г. П. Козубовской. – СПб. – Самара – Барнаул : Изд-во Барн. гос. пед. ун-та, 2005. – Т.1. – 214 с.

2 **Гудков, Д. Б., Ковшова, М. Л.** Телесный код русской культуры: материалы к словарю [Текст]. – М. : Гнозис, 2007. – 288 с.

3 **Шаховский, В. И.** Литературный интекст как ключ к культурной памяти российского социума (на материале публикаций А. Минина) [Текст] // Политическая лингвистика. – Екатеринбург, 2008. – Вып. 2 (25). – С. 115–125.

4 **Мезенко, А. М.** Урбанонимия как язык культуры // Уч. зап. Таврического нац. ун-та им. В. И. Вернадского. Сер. Филология. Социальные коммуникации [Текст]. – 2011. – Т. 24 (63). – № 2, – Ч. 1. – С. 388–392.

5 **Сьянова, Е. И.** Ономастический код в ментальном пространстве диалектоносителей (на материале говоров Воронежского Прихопёрья) : автореф. дис. ... канд. филол. наук [Текст]. – СПб., 2007.

6 **Васильева, Т. Ю.** Ойконимия Белорусского Поозерья в лингвокультурологическом аспекте : автореф. дис. ... канд. филол. наук [Текст]. – Минск, 2014. – С. 11–13.

7 **Huatt, J., Simons, H.** «Cultural codes – Who holds the key? [text] // Evaluation, 1999. – Vol. 5 (I). – P. 23–41.

8 **Қондыбай, С.** Арғықазақ мифологиясы [Текст]. – Алматы : «Үш қиян», 2003. – 592 б.

9 **Жанайдаров, О.** Ежелгі Қазақстан мифтері. Қазақстан балалар энциклопедиясы [Текст]. – Алматы : «Аруна» баспасы, 2006. – 252 б.

10 **Красных, В. В.** «Свой» среди «чужих» : миф или реальность? – М. : ИТДГК «Гнозис», 2003. – 375 с.

11 **Маслова, В. А.** Когнитивная лингвистика [Текст]. – Минск : Тетра Системс, 2004. – 256 с.

12 **Гуревич, А. Я.** Категории средневековой культуры [Текст]. – М. : Искусство, 1972. – 318 с.

13 **Сайфи, Л. А.** Концептуализация соматического образа человека в языке и дискурсивных практиках : Автореферат на соискание ученой степени канд. филологических наук [Текст]. – Уфа, 2008.

14 **Башкатова, Ю. А.** Соматический код культуры как предмет сопоставительного исследования [Текст] // Сибирский филологический журнал. – 2014. – № 4. – С. 220–228.

15 **Голятина, С. М.** Соматическая лексика как средство отражения антропоморфного культурного кода (на материале донских казачьих говоров) [Текст] // Известия ВГПУ. – 2014. – С. 110.

References

1 **Pimenova, M. V.** Kody kul'tury i osobennosti konceptualizacii serdca v proizvedeniyah S.A. Esenina [Codes of cultures and conventions of serialization in S.A. Yesenin's projects] [Text] // Kul'tura i tekst – sb. nauch. tr. mezhdunar. konf.: v 3-h t. [Culture and text, collection of scientific researches of International conference, in 3 volumes] / Pod red. D. P. Kozubovskaya. – St. Petersburg, Samara-Barnaul : Publishing house of the Barnaul State pedagogical university, 2005. – Vol.1. – P. 214.

2 **Gudkov, D. B., Kovshova, M. L.** Telesnyj kod russkoj kul'tury : mateialy k slovarju [The body code of Russian culture: materials for the dictionary] [Text]. – Moscow: Gnoziz, 2007. – P. 288.

3 **Shakhovsky, V. I.** Literaturnyj intekst kak klyuch k kul'turnoj pamyati rossijskogo sociuma (na materiale publikacij A. Minina) [Literary intext as a key to the cultural memory of the Russian society (based on the material of A. Minin's publications)] [Text] // Politicheskaya lingvistika [Political Linguistics]. – Ekaterinburg, 2008. – Issue 2 (25). – P. 115–125.

4 **Mezenko, A. M.** Urbanonimiya kak yazyk kul'tury [Urbanonymy as a language of culture] // Uch. zap. Tavricheskogo nac. un-ta im. V.I. Vernadskogo. Ser. Filologiya. Social'nye kommunikacii [Scientific notes of the Taurida National University n. a. V. I. Vernadsky. Series Philology. Social communications] [Text], 2011. – Vol. 24 (63). – No. 2. – part 1. – P. 388–392

5 **Syanova, E. I.** Onomasticheskij kod v mental'nom prostranstve dialektonositelej (na materiale govorov Voronezhskogo Prihopory'ya) : avtoref. dis.kand. filol. nauk. [Onomastic code in the mental space of dialect speakers (based on the dialects of the Voronezh region) : abstract of thesis Candidate of Philology Sciences] [Text]. – St. Petersburg, 2007.

6 **Vasilyeva, T. Yu.** Ojkonimiya Belorusskogo Poozer'ya v lingvokul'turologicheskom aspekte : avtoref. dis. kand. filol. nauk. [Oikonymy of the Belarusian Lake district in the linguoculturological aspect : abstract of thesis Candidate of Philology sciences] [Text]. – Minsk, 2014. – P. 11–13.

7 **Hyatt, J., Simons, H.** «Cultural codes – Who holds the key? [Text]. – London : Evaluation, 1999. – Vol. 5 (I). – P. 23–41.

8 **Qondybaj, S.** Argyqazaq mifologiyasy [Mythology of Argykazakh] [Text]. – Almaty : 'Ysh qıyan', 2003. – 592p.

9 **Zhanaidarov, O.** Yezhelgi Kazakhstan myhtteri. Kazakhstan balalar encyclopediasy [Myths of ancient Kazakhstan. Children's encyclopedia of Kazakhstan] [Text]. – Almaty : «Aruna» Publishing house, 2006. – 252 p.

10 **Krasnyh, V. V.** «Svoj» sredi «chuzhih»: mif ili real'nost'? [«One's own» among «strangers»: myth or reality?] [Text]. – Moscow : ITDGG «Gnozis», 2003. – 375 p.

11 **Maslova, V. A.** Kognitivnaya lingvistika [Cognitive linguistics] [Text]. – Minsk : Tetra Systems, 2004. – 256 p.

12 **Gurevich, A.** Kategorii srednevekovej kul'tury [Categories of medieval culture] [Text] . – Moscow : Iskustvo, 2012. – P. 318.

13 **Saifi, L. A.** Konceptualizaciya somaticheskogo obraza cheloveka v yazyke i diskursivnyh praktikah [Conceptualization of the somatic image of a person in language and discursive practices]. Avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni kand.filologicheskikh nauk [Abstract for the degree of Candidate of Philological Sciences] [Text]. – Ufa, 2008.

14 **Bashkatova, Yu. A.** Somaticheskij kod kul'tury kak predmet sopostavitel'nogo issledovaniya [Somatic code of culture as a subject of

comparative research] [Text]. // Sibirskij filologicheskij zhurnal [Siberian Philological Journal]. – No.4. – 2014. – P. 220–228.

15 **Golyatina, S. M.** Somaticheskaya leksika kak sredstvo otrazheniya antropomorfnoho kul'turnogo koda (na materiale donskih kazach'ih govorov) [Somatic vocabulary as a means of reflecting the anthropomorphic cultural code (based on the material of the Don Cossack dialects)] [Text] // Izvestiya VGPU, 2014. – P. 110.

12.04.23 ж. баспаға түсті.

10.05.23 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. Е. Адиева, С. Б. Бектемирова*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 12.04.23.

Поступило с исправлениями 10.05.23.

Принято в печать 25.02.24.

ВЗАИМОСВЯЗЬ КУЛЬТУРНОГО КОДА И МИФОЛОГИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В ГЕОЛАНДШАФТЕ

В последнее время термины «код», «культурный код» рассматриваются как объект изучения многих гуманитарных наук. В этой статье анализируется теоретическое понимание и функция терминов «код», «культурный код» и «антропоморфный код». Автор провел всестороннее исследование, основанное на научных исследованиях, посвященных реалиям и значениям терминов «код», «культурный код» и «антропоморфный код» в ряде областей науки. В этой связи накоплен опыт психологов, социологов, культурологов, антропологов по изучению сущности терминов «код» и «культурный код». Кроме того, в статье были сформулированы поиски отечественных и зарубежных исследователей концепций мифа, мифического познания как наиболее коренного образца культурно-духовного мира. Также были проведены поиски по вопросу представления географических объектов в мифах с помощью антропоморфного кода. Основное направление автора - изучение сущности географических объектов с помощью антропоморфного кода в описании мира с позиции человека и формировании фрагментов модели мира. На основе анализа географических названий казахского народа и географической терминологии, возникшей из анатомических

терминов, была рассмотрена функция антропоморфного кода культуры в восприятии, освоении и структурировании окружающего пространства, моделировании географического ландшафта и формулировании мира.

Ключевые слова: культурный код, антропоморфизм, антропоморфный код, миф, мифическое познание, географические объекты.

**A. E. Adisheva, S. B. Bektemirova*
al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 12.04.23.
Received in revised form 10.05.23.
Accepted for publication 25.02.24.

INTERCONNECTION OF CULTURAL CODES AND MYTHOLOGICAL CONSCIOUSNESS IN GEOLANDSCAPE

Recently, the terms «code» and «cultural code» have been considered as an object of study in many humanities. This article analyzes the theoretical understanding and function of the terms «code», «cultural code» and «anthropomorphic code». The author has conducted a comprehensive study based on scientific research on the realities and meanings of the terms «code», «cultural code» and «anthropomorphic code» in a number of fields of science. In this regard, the experience of psychologists, sociologists, cultural scientists, anthropologists has been accumulated to study the essence of the terms «code» and «cultural code».

In addition, the article formulated the search of domestic and foreign researchers for the concepts of myth, mythical cognition as the most indigenous example of the cultural and spiritual world. Searches were also conducted on the representation of geographical objects in myths using anthropomorphic code. The main direction of the author is the study of the essence of geographical objects using anthropomorphic code in describing the world from a human perspective and forming fragments of the world model. Based on the analysis of geographical names of the Kazakh people and geographical terminology that arose from anatomical terms, the function of the anthropomorphic code of culture in the perception, development and structuring of the surrounding space, modeling of the geographical landscape and the formulation of the world was considered.

Keywords: cultural code, anthropomorphism, anthropomorphic code, myth, mythical cognition, geographical objects.

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz